



ӘЗІН-ӘЗІ ТАНУ

ОҚУШЫ ДӘПТЕРІ

8



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«БӘБЕК» ПҮТТҮҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ

ЁЗІН-ЁЗІ ТАНУ

ОҚУШЫ ДӘПТЕРІ

8-СЫНЫП

Алматы
2018

«Әзін-әзі тану» рухани-адамгершілік білім беру
бағдарламасының авторы С.А. Назарбаева

***Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі ұсынған***

Әзін-әзі тану: Оқушы дәптері. 8-сынып. / Р.Мұратханова, Р.О.Ізғұттынова,
Б.Ш.Алиев. – Алматы: «Бәбек» ҰҒПББСО, 2018. – 100 б.

Оқушы дәптері оқушылардың шығармашылық және жобалық іс-әрекеттер орындауына арналған. Дәптерде жалпыадамзаттық құндылықтар мен олардың қасиеттерінің мәнін ашатын әртүрлі тапсырмалар ұсынылған.

© «Бәбек» ҰҒПББСО, 2018

ҚРЫМЕТТИ ЖАС ДОСТАР!

Сендер оқу жылы барысында қайырымдылық іс-әрекет жасау арқылы ёздерің ёмір сүріп отырған қоғамның дамуына және жетілуіне ёз үлестерінді қосу мақсатында «**Қоғамға қызмет ету**» тақырыбы бойынша жоба орындастын боласындар.

Сендер үшін ёзінді тану, ёзінді тануға үйрену ёте маңызды. Ёзінді танысаң, ёзгелерді де тани аласың. Айналандағы адамдарды түсінетін боласың, әлемді танып-білуге үмтүласың. Ёзіңе, ёзгеге және ёмірге қатынастарынды айқындалап, ёзіндік ұстанымдарынды, ёмірлік көзқарастарынды, іскерлік дағдыларынды анықтап, оны ёмірде қолдана білуге үйрену арқылы ёздеріңнің ішкі әлемдерінді танудың жаңа жолдарын ашасындар.

I ТАРАУ ТАНЫМ ҚУАНЫШЫ

**1-2 сабактар
БҮР ӘЛЕМГЕ КЕЛГЕН СОН...**


**Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп ...
Абай**

1-тапсырма

Ұлы ойшыл Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» әлеңін оқып, адамның әмірдегі орны туралы пікірінді жазып, ортаға салып айт.

2-тапсырма

Ұлы ойшыл Абайдың табиғат туралы ёлеңдерін оқып, ёлеңнің мазмұны бойынша сурет сал.



3-тапсырма

Адамдар арасындағы ізгі қарым-қатынас туралы эссе жаз.

4-тапсырма

Мұхтар Әуезовтың «Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, ёскен орта, көрген үлгі, ёнеге билетіндігінен... Кёпшілікті адамшылыққа тәрбиелеу үшін, жас буынды жақсылап тәрбиелеу қажет» деген ойын басшылыққа алып, ой-толғау жаз.

5-тапсырма

Мәтінді оқып, ондағы Мәлік Ғабдуллиннің «ёмір жолы үлкен қозғалыс» деген ойын таратып жаз..

Әмір жолы қандай қызықты, қандай қыын, үңіле қараған адамға оның қызығы да қыындығында емес пе?.. Әмір жолы үлкен қозғалыс: ол қозғалыс әрқашанда алға, алысқа құлаш сермейді, талай ёркешті толқындарды да кездестіреді.

Мәлік Ғабдуллин

6-тапсырма

Әлеңді оқып, әмірге байланысты түйінді сөздерді теріп жаз.
Мағынасын түсіндіріп бер.

Магжан Жұмабаев

Әмір – ёзен, сылқ-сылқ құлар, сылдырар,
Қайда ағады, оның жәнін кім сұрап?
Аққан сумен біз ағармыз, кетерміз,
Ағынға ермей, жағасында кім тұрар?
Әмір – көпір от үстінде салынған,
Діңгектері зәндем отқа малынған.
Қорқу білме, аяқтарың таймасын,
Ойнап қана ёт, шарпу көрме жалыннан.

**3-4 сабақтар
АР-ҰЖДАН НЫ**

Арлы адам – ардақты, ар – ардақтың анасы

Бауыржан Момышұлы

1-тапсырма

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Айқап» журналында жарияланған «Білімділерге бес сауал» еңбегіндегі сұрақтардың біріне жауап жаз.

- *Ар-ұждан дегеніміз не?*
- *Адам әмірінің мәні неде?*
- *Ең жақсы адам кім?*
- *Адамның адамгершілігі уақыт ағымына қарај өзгере ме?*
- *Адамның адами қасиеті жаңара ма, өлде түа біте ме?*

2-тапсырма

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жүргіңнің аш көзін, жанның сырын арала...» деген ой-толғауына талдау жаз.

3-тапсырма

Шәкәрім атаңа хат жаз.

5-6 сабактар ШЫНАЙЫ БІЛІМНІҢ НРЫ

Білімдінің сәзі – ем,
Мейірімі көп, ёзі кең

Мағжан Жұмабаев

1-тапсырма

Тәмендегі ұлы тұлғалардың ой-тұжырымдарын жинақтап, барлығына ортақ түйінді ойынды жаз.

Жүсілбек Аймауытов: Оқу, білім – жанған шырақ ойласаң,
Үйренерсің, іздеп көрсөң – қалмасаң.
Қу ёнерді, бу белінді, жігер сал.
Пайда аларсың, қаужанарсың, тоймасаң.

Қаныш Сәтбаев: ... Білімінді еңбек пен ёмірдің әзінде шындал отыр! Соңда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастай жалтырай да жарқырай да береді.

Әлкей Марғұлан: Дүние тану, білімге талпыну әрбір адамның есейген дәуірінен аңсап қараған түбекейлі ісінің бірі болып келеді. Егер бұл талпыну болмаса, әрбір адам білімге, еңбекке үніле қарамаса, тек аңша қарын тойдырып, үйқымен уақыт ёткізсе, ешбір ілгери басу – прогресс те болмас еді.

Ебіней Бекетов: Парасаттылық, шарапаттылық, кеңдік, адалдық ғылымда қызмет істеген әрбір адамға лайық, халқымыздың мәпелеп, бетке ұстары – ғылым адамдары.

2-тапсырма

Қазақ халқынан шыққан тұңғыш ғалым Шоқан Үәлихановтың ёмір жолы мен жасампаздығы туралы эссе жаз.

3-тапсырма

Аса көрнекті ғалым, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі берілген ірі ашылулар туралы мәлімет жинап, оның өмірін үлгі тұтып, әз болашақтарынды армандауға жетелеу мақсатында эссе жаз.

**7-8 сабактар
СНІЙСПЕНШІЛІК – ТАНЫМ ЖОЛЫ РЕТИНДЕ**

Махаббат – іс-әрекеттің қуатты көзі.
Клод Адриан Гельвеций

1-тапсырма

Оқулықта берілген ағартушы, қофам қайраткері Ұбырай Алтынсариннің хатын оқып, білім саласына сінірген еңбегі үшін алғыс хат жаз.

2-тапсырма

Жағдаятты оқып, сурақтарға жауап жаз.

Бірде дәруіш сапарға шығып, жолда кездескен кез келген жолаушыны «Жүрегің бар ма?!» деген сөзben қарсы алыпты. Адамдар айтылған сөздің мәніне бірден көніл бёлмесе де, жолаушылардың бірі, сен «Жүрегің бар ма?!» дегеннің орнына, неге қайырымдылық, махабbat, сенім, жақсылық, тіпті рақымдылық туралы айтпайсың? – деген сауал қойыпты. Сонда дәруіш «Тек жүректі ұмытпауың керек, сонда қалғанының бәрі болады» – деп жауап беріпти.

- *Дәруіштің ойымен келісесің бе?*
 - *Сендер қалай түсіндірер едіңдер?*

3-тапсырма

«Сүйіспеншілік елінде» тақырыбына эссе жаз.

4-тапсырма

Адамдар мен жануарлар арасындағы сүйіспеншілік туралы сыныптастарыңмен пікір алмасындар. Өміріңнен мысалдар келтіріп, дәптеріңе жаз.

ЁЗІНДІ ТЕКСЕР!

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

1-тест

«Адам – ёз өмірінің жасаушысы» деген пікірге қалай қарайсың?

- А) Иә, егер адам ар-үжданымен ёмір сүрсө
- Ә) Иә, егер адам тек ёз пайдасын ғана ойласа
- Б) Иә, егер адам ёзгелер үшін ёмір сүрсө

2-тест

Алдыңа қойған мақсатына қалай жетуге болады деп ойлайсың?

- А) Адал ниет, берік сенім және тынымсыз еңбектену арқылы
- Ә) Проблемаларды ойлану арқылы
- Б) Тек армандау арқылы

3-тест

Шиеленістен шығатын жолды қалай табуға болады?

- А) Шиеленістің себебін анықтау
- Ә) Шиеленістен шығатын жолдың ёзіме әкеletін жағымды ёзгерісін анықтау
- Б) Шиеленістен шығатын жолдың екі жаққа да тиімді, адал жағын таңдау

4-тест

Сен ішкі қарсылықтарды еш қыындықсыз қалай жеңер едің?

- А) Ар-үжданымды басшылыққа алу арқылы
- Ә) Бойымдағы қорқынышпен күресу арқылы
- Б) Ешқандай мән бермеуге тырысу арқылы

ЖОБА КИГНДЕЛІГІ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз:

«Қоғамға қызмет ету» дегенді қалай түсінесің?

Қоғамдық пайдалы қызмет дегеніміз не?

Қоғамның мұддесін ёз мұдденен жоғары қоя аласың ба?

Қоғам мен адамның байланысы қандай?

Қоғамды көркейту үшін не істеу керек?

Неге адамдар ёзара көмекке келуге тырысады?

«Еріктілер» дегеніміз не? Қоғамға тигізер көмегің бен пайдаңды қалай бағалайсын?

Қоғамға қызмет ету үшін қандай қабілеттілік қажет?

2-тапсырма

Сыныппен бірлесіп анықтаған жобаның тақырыбын, мақсатын, міндеттері мен орындалу кезеңдерін жаз.

Жобаның тақырыбы

Жобаның мақсаты

Жобаның міндеттері

Жобаның орындалу кезеңдері

ЖОБА КҮНДЕЛІГІ

Жоба кезеңінде байқағанынды, алған әсерінді жаз.

**II ТАРАУ
АДАМ БОЛАМ ДЕСЕНІЗ...**

**9-10 сабактар
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨКЖИЕКТЕРІ**

**Адам ақылды, кішіпейіл, әділ, батыл да, қайырымды болуға тиіс.
Тек сонда ғана оның осынау адам деген мәртебелі
атпен аталуға құбы болады.**

К.Г.Паустовский

1-тапсырма

«Мейірім тамшысы» тақырыбы бойынша қайырымдылықта негізделген іс-шараның жоспарын жаз.

2-тапсырма

Оқулықтағы Әтебай Тұрманжановтың «Бір қайырымдылық – ағаш әсіру» әсiet әнгімесін оқып, әз әмірлеріңнен қайырымдылыққа бағытталған оқиғаларың туралы ой-толғау жаз.

3-тапсырма

Оқулықтағы Әтебай Тұрманжановтың «Бір қайырымдылық – шәлге су шығару» ёсиет әңгімесін оқып, қайырымдылық істерің туралы жаз.

4-тапсырма

Қайырымдылық туралы ёлең құрастырып жаз.

11-12 сабактар ДОСТЫҚ АЙНАСЫ

Адам баласына адам баласының бәрі – дос.

Абай Құнанбаев

1-тапсырма

Берілген сұрақтар бойынша ёз пікірінді жаз.

1. Достасу неден басталады?
 2. Нағыз досты қалай табуға болады?
 3. Шынайы достың қандай қасиеттері болуы керек?

2-тапсырма

Жағдаяттардың шешімін жаз.

1-жағдаят. Сенің ең жақсы досың емтиханға дайындалып жатыр. Сен қалай көмектескен болар едің?

2-жағдаят. Ёзара достықтың көрінісі ізгі, сыйлы қарым-қатынас болып табылады. Сенің адад досың бар. Досына лайық екенінді қалай көрсеткен болар едің?

3-тапсырма

Мәтіннен үзіндіні жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан талдаң жаз.


«Ардақты ағалар, біз – Кеңес, Бақытжан, мен үшеуміз әкелеріміздің достық шарапатының арқасында кішкене кезімізден дос, бауыр болып ёстік. Біріміздің әкемізді біріміз «әке» деп, анамызды «ана» деп, аражіксіз бұл қүнге жеттік. Әкелеріміздің ёсият-дәстүрін жалғастырып, балаларымызды достастырып жатырмыз. Бұғін мен алғаш рет немерелі болдым. Бауыржан папамның тұңғыш шәбересі әмірге келді. Сол нәрестенің атын қойып, бата берініздер... – деп толқып көзіне жас алды».

4-тапсырма

Досыңа ризашылығынды білдіріп хат жаз.

5-тапсырма

Достық сәзіне ребус құрастыр.



13-14 сабақтар СЫЙЛАСТЫҚ БАСТАУЛАРЫ

Сыйласан, сыйысымды боларсың.

Халық мақалы

1-тапсырма

Әлеңнің мәтінінен алынған үзіндімен танысып «бақыт», «сыйластық» ұғымдарына ёз анықтамаларынды жаз.

- Бақыт қайда барасың?
- Ата-анасын сыйлаған,
Ұйымшылдық ойлаған,
Тату жанға барамын.

2-тапсырма

Оқулықтағы Сайын Мұратбековтың «Ананың арманы» әңгімесінен үзінді оқып, әже мен немере арасындағы сыйластық туралы эссе жаз.


3-тапсырма

Айдабол шешеннің тәмендергі ёлеңін талдап, сыйластық белгілерін дәптерлеріңе жазыңдар.

Сырттан келген мейманды,
Сәлем беріп, қол алсаң,
Бірінші еткен құрметің.
«Түсіңіз», – деп түс беріп,
Шылбырына оралсаң,
Екінші еткен құрметің.
Есік ашып енгізіп,
Көрпе тёсеп, құп алсаң,
Үшінші еткен қызметің.

4-тапсырма

Тігінен оқығанда «Сыйластық» сөзі шығатындағы етіп сәзжұмбақ құрастыр.



15-16 сабақтар ОТАНҒА ЖОЛ

Днниеде туған еліңнен артық ел де, жер де жоқ.

Ғабит Мұсірепов

1-тапсырма

Тәмендегі ой-толғауларды жалпыадамзаттық құндылықтар түрфысынан талдап, ойларынды жаз.

М. Әуезов: Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іркөр күшім жоқ.

В. Г. Белинский: Щэ Отанын жан-тәнімен сую – адамшылықтың асқар шыңы.

И. С. Тургенев: Отансыз бақыт жоқ, кім-кімнің де тамыр жаяр топырағы – туған жері.

В. А. Сухомлинский: Біздің ел – көп ұлтты ел. Кез келген отандасың – қай халықтың баласы болса да ол сенің досың.

Қ. Аманжолов: О, дариға алтын бесік туған жер,
Қадірінді келсем білмей кеше гәр...
Сүйем сені туған ел – ата мекен,
Абзал анам сенсің ғой құшағың кен.

2-тапсырма

«Мен және менің Отаным» әдеби-музыкалық кештің бағдарламасын жаз.

3-тапсырма

Мақал-мәтелді жалғастырып жаз.

1. Ёзге елде сұлтан болғанша, ...
2. Туған жердей жер болмас, ...
3. Отансыз адам, ...
4. Ат айналып қазығын табар, ...
5. Отан – ...
6. Ёз елімнің басы болмасам да, ...

4-тапсырма

«Менің Отаным – шұғылалы тәуелсіз Қазақстан» тақырыбына әссе жаз.

ЁЗІНДІ ТЕКСЕР!

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

1-тест

Көзқарастарыңыз сәйкес келмей, біреумен келіспей қалсаңыз не істер едіңіз?

- A) Ол адамнан аулақ жүремін.
- Ә) Ёзімдікін дұрыс деп санаймын.
- Б) Жақын арадағы кездесуде ол адаммен келісімге келемін.

2-тест

Сен үшін маңызды нәрсе не?

- A) Бойыңыздағы дарындылықты ашу.
- Ә) Рухани жетістікке жету.
- Б) Қаржы табу.

3-тест

Сен бос уақытыңды қалай тиімді ёткізесің?

- A) Немен айналысатынымды білмеймін.
- Ә) Музыка тыңдал, теледидар көремін.
- Б) Еліктейтін істерімді жауапкершілікпен таңдал, жақын адамдарыма қынышылық туғызбайтындаи етіп ұйымдастырамын.

4-тест

Егер де саған таңдау мүмкіндігі берілсе, сен қайда және қай жерде тұрар едің?

- A) Ёткен шақта.
- Ә) Осы шақта.
- Б) Келер шақта.

ЖОБА КІНДЕЛІГІ

Сынып пен бірлесіп анықтаған жобаның жоспарын жаз.

ЖОБА КІГІДЕЛІГІ

Жоба кезеңінде байқағаныңды, алған әсерінді жаз.

**III ТАРАУ
АДАМ ЖӘНЕ ӘЛЕМ**

**17-18 сабактар
ОТБАСЫН ҚАДІРЛЕУ**

**Ата-ананың қадірін білмеген – ел қадірін біле алмас,
Ел қадірін білмеген – ата-ана қадірін біле алмас.**

Бауыржан Момышұлы

1-тапсырма

Оқулықтағы ұлы адамдардың ой-тұжырымдарын оқып, отбасы әнегесі туралы пікірінді жаз.

2-тапсырма

Өзіңнің жақын адамдарыңа сүйіспеншілігінді білдіріп, хат жаз.


3-тапсырма

Мақал-мәтедлің жалғастырып жаз.

1. Ата – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала –
2. Әкенің жақсылығы,
3. Атаңың баласы болма,
4. Әке көрген оқ жонар,.....
5. Жақсыдан үйрен,
6. Баланың үяты әкеге,
7. Балапан үяды не көрсө,
8. Ата – бәйтерек,

4-тапсырма

Отбасын қадірлеу туралы ёлең құрастырып жаз.



19-20 сабақтар МЕНИҢ СЫНЫПТАСЫМ

**Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе –
оның басқа адамдармен қарым-қатынасы.**

Абраам Линкольн

1-тапсырма

Төменде берілген сөздерді пайдалана отырып, ұлдардың және қыздардың бойына тән қасиеттерді теріп жаз.

Қажетті сөздер: алғыр, ёр мінезді, айбатты, батыл, сабырлы, қамқор, үяң, ёжет, жомарт, ақылды, ұқыпты, ақкөңіл, жайдарлы, инабатты, парасатты, шыншыл, адал, қайырымды, нәзік, сыпайы, сезімтал, жанашыр, кешірімді.

2-тапсырма

Әз сыныптастарыңың бойындағы ізгі қасиеттерді, сыныптағы үлдар мен қыздардың арасындағы сыйластық пен әзара түсіністікті, бірлікті көрсете отырып, «Менің сыныбым – менің мақтанышым» тақырыбына әссе жаз.

3-тапсырма

Төмөнде берілген жағдаяттардың шешімін тауып, жалғастырып жаз. Жауптарыңды негіздең, түсіндір.

1 жағдаят


Бұгін сыныпта партада бірге отыратын ұл екеуің кезекшісіндер. Сабак аяқталғаннан кейін сыныптың терезелерін ашып, желдетіп, орындықтарды парталардың үстіне шығарып, еденді, тақтаны мұнтаздай етіп сүртіп, терезе алдындағы гүлдерге су құюларың керек. Соңғы сабактың алдында қасында отыратын ұлға бүгінгі кезекшілікті ескертсөң де, ол кезекшілікке қалмапты. Барлық жұмысты бір өзіңнің атқаруына тұра келді. Қатты шаршадың. Ертесіне сыныпқа кіре сала сен ...

2 жағдаят

Бүгін алгебра сабағынан қорытынды бақылау жұмысы болды. Барлық сабақтарға үзбей қатысып, сабақ мазмұнын толық меңгергендіктен саған бақылау жұмысының есептерін шығару көп қыындық туғызбады. Есесіне, есеп шығаруға қиналышпен отырған сыныптастарың сенен есеп жауабын ётініп сұрады. Мұғалімге білдірмей сұрағандардың барлығына таратып бердің. Келесі күні мұғалім жұмыстың бағалары қойылған парапеттерде таратып берді. Сыныптағы барлық оқушыларға «бес» деген баға қойылып, саған ғана екілік бағасы қойылыпты. Мұғалімнің мұндай шешімін ішің сезе қойды. Уәж айтуда батылың бармады. Сенің әрекетің қандай?

4-тапсырма

Әз сыныбының адамгершілік сипаттағы жетістіктері туралы мақала жазып, газет-журналдарға жарияла.



**21-22 сабақтар
ЁЗ МІРГАТАЫНА ЖЕТУ**

Бойыңызға болашақтың арман-мұраттарын дарытыңыз, оның өзі шын мәніндегі күн шпъяласы тәрізді.

Михаил Салтыков-Щедрин

1-тапсырма

«Мұрат», «мақсат», «арман» үғымдарына анықтама жаз.

2-тапсырма

Тәмендегі сұрақтармен байланыстырып «Менің түсінігімдегі бақыт» тақырыбына ой-пікірлерінді жаз.

1. Сенің бақыттыңың негізі неде?
 2. Бақытты адамның ұстанымдары қандай болады?

3-тапсырма

«Таңбалы тастағы» таңбалар мен суреттер туралы қосымша материалдар жинап, бірлесіп мақала жаз.

23–24 сабактар МЕН ӘЛЕМДІ СНІЙЕМІН

Съулық әлемді құқарады.

Федор Достоевский

1-тапсырма


«Табиғатты қорғау – ёзінді қорғау» тақырыбына эссе жаз.

2-тапсырма

«Адам – әлем – сүйіспеншілік» ұғымдарының арасындағы байланыстардың мәнін ашып, әмірден мысалдар келтіріп жаз.

3-тапсырма

Өз еліңе сүйіспеншілігінді білдіріп, ёлең құрастырып жаз.



The form consists of a large, decorative oval border made of a blue dashed line. Inside the oval, there are 20 horizontal black lines spaced evenly apart, intended for handwriting practice.

ЁЗІНДІ ТЕКСЕР!

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

1-тест

«Сыйлассаң, сыйымды боларсың» деген ой-пікірге сенің көзқарасың қандай?

- A) Сыйластық – адамгершілік пен парасаттылықтың белгісі деп санаймын.
- Ә) Ренжітпес үшін ғана сыйлаймын.
- Б) Сыйламас бұрын ойланамын.

2-тест

Сенің үнемі жолың болмаса не істер едің?

- A) Абыржимын.
- Ә) Айналадағылар не ойлайды деп қынжыламын.
- Б) Қатты уайымдамаймын, себебі қынышылықсыз жақсылық келмейді.

3-тест

Адам тағдыры Отан тағдырымен байланысты ма?

- A) Үзіліссіз байланысты.
- Ә) Байланысты емес.
- Б) Отаның тастап кету оңай.

4-тест

«Мен – әлемнің бәлшегімін» деген ой-пікір туралы көзқарасың қандай?

- A) Мен әлеммен тұтаспын.
- Ә) Мен әлемнен тысқарымын.
- Б) Бұл пікірмен келіспеймін.

ЖОБА КИГНДЕЛІГІ

Жоба кезеңі бойынша спъектарға жауап жаз

Нақты қандай іс-шаралар орындалады?

Қандай қыындықтар мен бәгеттер кездесті?

Оларды женүдің жолы мен женүдің әдістері қандай?

Жобаның кезекті кезеңін орындауға қандай оңтайлы ұсыныстар қажет?

ЖОБА КІГІДЕЛІГІ

Жоба кезеңінде байқағаныңды, алған әсерінді жаз.

IV ТАРАУ
АДАМЗАТТЫҚ РУХАНИ ТӘЖІРИБЕСІ

25-26 сабактар
ДАНАЛЫҚТАН ҚАНЫП ИШ...

**Әмірдегі игіліктің ең кішісі – байлық,
ең ңлкені – даналық.**

Готхольд Лессинг

1-тапсырма

Оқулықтағы Жұсіп Баласағұндың өлеңін оқып, онда айтылған үш "жүтқа" кері үш "құтты" тауып жаз.

2-тапсырма

«Жіп түйінсіз байланбайды, сөз шындықсыз байланбайды» деген дана сөзді басшылықта алғып, шындық, ақиқат ұғымдарына әз анықтамаларынды жаз.

3-тапсырма

Оқулықтағы Құрманбай Толыбаевтың «Парасат» мәтінін оқып, сұраққа жауап жаз.

4-тапсырма

Тәменде берілген сөздерді пайдалана отырып, «дана адамға» мінездеме беріп, оның портретін сипаттап жаз.

Қажетті сөздер: парасатты, қарапайым, шыншыл, ізгі, адал, қайырымды, ізденімпаз, батыл, сабырлы, шешен, қамқор, ұян, ұстамды, ёжет, жомарт, ақылды, ұқыпты, сыпайы, жанашыр, кешірімді.

5-тапсырма

«Дананың сәзі – ақылдың көзі» тақырыбына эссе жаз.

27-28 сабақтар ҚАЛАУЛАР ШЕГІ

Қанағаты бар адамға бақыт бпйырған.

Аристотель

1-тапсырма

Оқулықтағы ұлы адамдардың қанатты сөздеріндегі негізгі ойды тауып жаз.

2-тапсырма

Оқулықтағы «Ёз пәтерін кейуанаға берген...» мәтінін оқып, тәмемдегі сұрақтарға жауап жаз.

- Қанағатшылдық дегенің қалай түсінесіндер?
 - Бауыржан атамыз өзінің тілек-қалауына қалайша шек қоя білді?

3-тапсырма


«Менің қалауларымның шегі» тақырыбында эссе жаз.

4-тапсырма

Білге қағанның «Дүниеқоныздық пен тойымсыздық есінді алып, еркінен айырады» деген қанатты сөзін талдап жаз.

5-тапсырма

Уақыттың қадірі туралы ёлең құрастырып жаз.



29-30 сабақтар ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАНАТЫНДА

Жаны таза адам спұлулыққа құмар келеді.


Реванди Хорезми

1-тапсырма

Оқулықтағы ұлы адамның қанатты сөздеріндегі негізгі ойды анықтап, әз ойларынды түйіндең жаз.

2 тапсырма

Өз шығармашылығынды көрсететін сурет сал.



3-тапсырма

«Мені шабыттандырады» тақырыбында эссе жаз.

4-тапсырма

Тәмендегі ұғымдарға өз түсінігің бойынша анықтама жаз.

Дарындылық

Талант

Қабілеттілік

Данышпандық

Шабыт

5-тапсырма

Әз түсініктеріндегі шынайы сұлу адамның кісілік көлбетін ашып, оған мінездеме жаз.

6-тапсырма

"Мен шабыттандырамын..." тақырыбында эссе жаз.

31-32 сабақтар БОЛАШАҚТЫ ЖАСАЙМЫЗ

Жасында не ексең, есейгенде соны орасын.

Генрик Ибсен

1-тапсырма

Оқулықтағы ұлы адамдардың қанатты сөздеріндегі негізгі ойды анықтап, әз ойынды жаз.

2-тапсырма

«Болашағым – ёз қолымда» тақырыбында эссе жаз.

3-тапсырма

Төмөнде берілген кестеге қазіргі таңдағы игі істерің мен олардың болашақтағы нәтижесі туралы жаз.

Менің игі істерім	Болашақтағы нәтижесі

4-тапсырма

Оқулықтағы Ұбырай Алтынсариннің «Бақша ағаштары» әңгімесін оқып, одан түйген ойынды жаз.

ЁЗІНДІ ТЕКСЕР!

Дұрыс жауапты тауып, белгіле.

1-тест

Бақыт деген не?

- A) Ёзгені бақыттың ету, халық үшін әмір сұру.
- Ә) Ёзін-әйн жене жетілдіру.
- Б) Ёзіне үнайтын жұмыспен шүғылдану

2-тест

Сен ата-анаңмен қандай қарым-қатынастасың?

- A) Әртүрлі қарым-қатынас жасаймын.
- Ә) Жағдайға қараймын.
- Б) Ата-анама үнемі инабаттылықпен, құрметпен қараймын.

3-тест

Сенің досынның қалта телефоны жоғалды, сен кінәлі болмасаң да сенен көрді. Не істеген болар едің?

- A) Алмағанымды ренжіп, шу көтеріп дәлелдеймін.
- Ә) Сабырлылықпен досыма көмектесіп, бірге іздеймін.
- Б) Мән бермеймін.

4-тест

«Адамзаттың тал бесігін сақтау» деген ой-пікірге көзқарасың қандай?

- A) Адам – табиғаттың бір бөлшегі, әрі ғажайып туындысы болғандықтан аялаймын.
- Ә) Күн көрістің көзіне айналдырамын.
- Б) Адам мен табиғаттың байланысы мен үшін маңызды емес.

33-34 сабақтар ҚАНДАЙ ӘСЕМ ӘЛЕМ

Табиғаттың өзінде өзгеше бір сийсінерлік,
жанға жайлы нәрсе бар.

Шоқан Уәлиханов

Жоба күнделігі

1-тапсырма

Жоба кезеңі бойынша тәмендеңі сұрақтарға жауап жаз.

Алдыға қойылған мақсат толығымен орындалды ма?

Жоба қаншалықты сапалы іске асырылды?

Жобаны орындау нәтижесі өзінді қанағаттандырыды ма?

Жобаның әрбір кезеңі қандай сезімге жетеледі?

Жобаның нәтижесі қоғам үшін қаншалықты тиімді?

Жобаны жүзеге асыру жолындағы қомақты үлесін?

2-тапсырма

Жобаны іске асыру нәтижесі бойынша шығармашылық бағытта есеп жаз.

3-тапсырма

Жобаны қорытындылау іс-шарасына қатысушыларға арнап сауалнама құрастырып жаз.

4-тапсырма

«Қоғамға қызмет ету» бағытындағы жобаларды үйімдастырушыларға ёз ұсыныстарың мен кеңестерінді жаз.

Р.Мұратханова, Р.О.Ізғұттынова, Б.Ш.Алиев

ӘЗІН-ӘЗІ ТАНУ

**Тетрадь для 8 класса общеобразовательной школы
(на казахском языке)**

Суретшісі: Д.Д. Алиева

